

«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Озык іс-тәжірибенің жоспары

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: А.Жандарова

Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау әдістері

Озат педагогикалық тәжірибе дегеніміз — қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, балалардың, ұжымның және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, педагогтың жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы деген сөз. Озат педагогикалық тәжірибе балаларды тәрбиелеу және оқытудың жаңа идеяларын түрлі тұрғыдан қарау және технологиялардың бастауы.

Мақсаты: — жан-жақты жетілген, заман талабына сай қабілетті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда инновациялық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі тұлғаның толыққанды дамуына белсенділік, жауапкершілік танытатын педагог қауымына инновациялық жұмыс түрлерін ұсыну.

Міндеттері:

1 Жан-жақты жетілген, заман талабына сай қабілетті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда инновациялық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

2. Мектеп жасына дейінгі тұлғаның толыққанды дамуына белсенділік, жауапкершілік танытатын педагог қауымына инновациялық жұмыс түрлерін ұсыну.

Озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі.

Тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі бір принциптерді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі басқа балабақшаларға таратылады. Педагогикалық озат тәжірибенің мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі педагог ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып, немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез келген жақсы тәжірибені балабақшаның тәжірибесіне енгізуге болады, бірақ жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесін жан-жақты талдап, қорытындылап тарату керек.

Педагогикалық озат тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Сондықтан, әрбір педагог еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, олардың ұсынбаларын өз ісінде шеберлікпен пайдаланғаны жөн. Педагогикалық тәжірибені зерттеудің жолдары: педагогтың өз тәжірибесін өзі зерттеп жинақтауы, педагогикалық еңбек шеберлерінің жұмыс жүйесін зерттеу және жинақтау; жаңашыл педагогтардың озат тәжірибесін тарату және оны оқу – тәрбие процесіне енгізу, оқу және тәрбие салаларында орын алып отырған мәселелерді тауып, оны шешуге ат салысу.

Оқыту мен тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін табуда педагогтың өз тәжірибесін өзі зерттеп, жинақтау ісі-әрі қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі. Педагог оқыту мен тәрбие саласындағы орын алып отырған бір мәселені шешу үшін әдіс – тәсілдерді тандап алып, олардың балаларға ықпалын ұйымдастырылған оқу қызметі және тәрбиелік іс – шаралар арқылы байқайды. Мұғалім өзінің немесе көршілес балабақшадағы тәжірибелі педагогтардың тәрбие жұмыстарымен танысып, оқу қызметтеріне қатысып, олардың оқыту мен тәрбие әдістерін өзінің әдістерімен салыстырып, тиісті қорытындылар жасап, зерттеу жұмысының құжаттарын, атап айтсақ, технологиялық карта, күнтізбелік-тақырыптық жоспар жинақтайды.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі және шығармашылық мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе – оқыту, білім беру және тәрбие тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс.

Озат тәжірибені зерделеу және қорыту педагогика ғылымын дамытудың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады, өйткені, бұл әдіс өзекті ғылыми мәселелерді табуға мүмкіндік береді, педагогикалық үдерістің заңдылықтарын оқып үйренуге негіз жасайды.

Озат педагогикалық тәжірибенің екі түрі бар:

а) педагогтың ғылыми ұстанымдары біліктілікпен, ұтымды кешенді пайдалануы болып табылатын педагогикалық шеберлігі;

ә) педагогикалық жаңашылдық, яғни жаңа білім беру қызметін көрсетулері, оқытудың жаңа мазмұны, нысандары мен әдістері, тәсілдері мен құралдары, т.с.с. өзінің шығармашылық табыстарымен байытылған тәжірибе.

Педагогикалық жұмыста зор табыстарға жетіп, өзін-өзі іс жүзінде көрсете білген шебер педагогтардың жұмыс жүйесін зерттеп жинақтау – озат тәжірибені кеңінен таратудың басты формасына жатады. Жоспар бойынша зерттеу жұмысы ең алдымен танысу және бақылау критерийлерінен өтеді.

Озат тәжірибенің критерийлері:

1. Жаңашылдық – белгілі бір қалыптасқан әдістемені жоққа шығару емес, оны жетілдіру, толықтыру;
2. Жоғары нәтижелілік;
3. Тәжірибені басқа да педагогтар мен оқу орындарының пайдалану мүмкіндігі;
4. Тәжірибенің оңтайлылығы; көкейтестілігі, оның ғылым үшін және педагогикалық тәжірибе үшін құндылығы;
5. Бұқаралық тәжірибеде шығармашылықты қолдану мүмкіндігі.

Педагог озат педагогикалық идеяларды және жаңашыл педагогтардың тәжірибесін игеру үшін оларды өзінің педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі етеді, жетілдіріп дамытады. Оларға өзінің шығармашылық ойының элементін енгізеді. Озық идеяларды және педагогикалық тәжірибені енгізу мен таратудың түсінікті формалары – **ауызша және баспасөз** арқылы насихатталады.

Ауызша насихат – бұл балабақшалардың педагогикалық кеңестерінде, аудандық әдістемелік кабинеттерінде, педагогтардың білімін жетілдіру институттарында өткізілетін арнайы маслихаттарды, семинарларды озық тәжірибе туралы лекциялар және баяндамалар жасалынып, оларды озық мұғалімдердің жұмыстарының мәні мен негізгі идеяларының мазмұны анықталады. Қатысушылар өзара пікір алмасып, оқу-тәрбие процесін жетілдірудің кейбір бағыттарын белгілейді.

Баспасөз насихаты – бұл педагогикалық теория мен практиканың саласында әр түрлі формаларда жүргізіледі. Оларға психологиялық-педагогикалық еңбектер, ғылыми-әдістемелік ұсынбалар, жинақтар т.б. жатады. Педагогикалық озық тәжірибені таратуда, оны тұтас педагогикалық процеске енгізуде, әсіресе, «Педагогикалық оқулардың» маңызы өте зор. «Педагогикалық оқуларды» өткізу нәтижесінде ұжымдық түрде талқыланған және мақұлданған жақсы тәжірибе оқу мен тәрбие процесіне енгізу үшін жинақталады және таратылады. Практикаға жаңа бір нәрсені енгізу үшін оқу-тәрбие жұмысының озық әдістерін біліп қоймай, оларды практикада да тыңғылықты игеру қажет.

Озат тәжірибе мектебінің жоспары:

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
I. Ұйымдастыру кезеңі	1. Тәжірибелі тәрбиешілерден озат тәжірибе мектебінің жетекшісі мен құрамын бекіту	Қыркүйек	Әдіскер
	2. Жас мамандарды анықтап, тәлімгер тағайындау, жұмыс жоспарын жасақтау Тақырыптық-күнтізбелік және күнделікті ҰОҚ технологиялық карталарын және циклограмма жазуды үйрету.	Қыркүйек	
	3. Жас мамандарға тәлімгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Жыл бойы	ОТМ мүшелері
II. Озат тәжірибе, ортақ әдіс	1. Жоспарға сай жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. Оқу бағдарламасын оқуға, өз білімін жетілдіруге көмектесу	Жыл бойы	ОТМ мүшелері
	2. Жас мамандардың өзара ҰОҚ-не қатысуын ұйымдастыру	Қараша	Әдіскер
	3. Озат тәжірибе мүшелерінің аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы		
III. Апробация процесін іске асыру бағытындағы жұмыстар	1. Тәрбиешілердің кәсіби сайыстар мен өзара ҰОҚ-не қатысулары	Жыл бойы	Әдіскер
	2. Тәрбиешілердің ашық сабақ даярламаларын баспаға дайындау	Жоспарға сәйкес	ОТМ мүшелері
	3. Озат тәжірибе мүшелерінің аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы		

IV. Қорытынды, саралау, талдау жұмыстары	1. Озық тәжірибені насихаттау, өзге балабақшалармен байланыс орнату	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер
	2. «Жас ұстаздар» апталығын өткізіп, талдау жасау		Әдіскер
	3. Озат тәжірибе мүшелерінің жұмысына талдау, жетекші есебін тыңдау	Мамыр	ОТМ мүшелері

Озат тәжірибелі педагогтардың жұмыстары жан-жақты қорытындыланып, талданып, жұмыстары, іс-тәжірибелері басылым беттерінде жариялануы керек. Төменде 2020-2021оқу жылындағы баспасөз бетінде жарияланған іс-тәжірибелер жинағы:

Іс-тәжірибе № таралушының аты-жөні	Қызметі	Таратылу түрі	Жарияланған тақырыбы	Баспа атауы	Жарияланған жылы, №
1 Султанова Гульнур Алибековна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Облыс, аудан	The most effective ways of teaching English		2020 ж
2 Жандарова Айзат Шымырбайқызы	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Жинақталу үстінде	Mean and ways of enriching vocabulary of learners in learning the English languages		
3 Жандарбекова Раушан Абдусаматқызы	Информатика пәні мұғалімі	Жинақталу үстінде	Нысанға бағытталған программалау ортасындағы ұтымды мүмкіндіктердің көрінісі		
4 Қаламбаева Алиман	Физика пәні мұғалімі	Жинақталу	Физикадан эксперименттік		

Саттарқызы	үстінде	есептерді шығару	
------------	---------	------------------	--

Сонымен, педагогикалық озат тәжірибе жұмысын ұйымдастыру арқылы – ұстаз шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі және шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі анықталады. Педагогтың тәжірибесіндегі жаңалық арқылы басқа педагогтарға үлгі болып, озат тәжірибесі таратылады, ендеше ол жұмысты ұйымдастыру, жүргізу білім беру мекемесінің жаңашыл бағытының көрінісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова.Қ. Педагогикалық инновацияның зерттелуі //Бастауыш мектеп.-№3 1999ж.
2. Методологические и теоритические проблемы изучения,обобщения и использования передового педагогического опыта. – М., 1978 ж.
3. Қухарев Н.В.Педагог-мастер, педагог-исследователь. Гомель, 1992 ж.
4. Тұрғынбаева Г. Ұстаздық шығармашылық.. 2008 ж.